

М.Матаев атындағы №170 орта мектебіндегі 2023-2024 оқу жылындағы (Үлгерімі төмен, тәртіп кемшілігі бар, оқуында ынтасы болса да, психикалық дамуы уақытша кідіргендер, нашар көретін, нашар еститін, тіл мүкістігі бар,) оқушылармен өткізілетін

Педагогикалық-психологиялық қолдау

Дефектолог: Ш.Жолдас

Педагогика-психологиялық қолдау

11.09.2023ж.

М.Матаев атындағы №170 орта мектебіндегі бастауыш пен орта буындағы (1-11) сынып оқушыларымен (үлгерімі төмен, денсаулығында кемшілігі мен мінез-құлығында психологиялық ауытқушылығы бар) оқушылармен өткізілетін педагогика-психологиялық қолдау.

Мақсаты: Ойлау, қабылдау, есте сақтау қабілеттері төмен, қабылдаулары баяу, мінез-құлығында психологиялық ауытқушылықтары байқалған, үлгерімі төмен оқушылардың даму көрсеткіштерімен таныстырып, түзете-дамыту шараларының бағдарламаларын жасау және де ПМПК орталығынан тексеруден өтуге жіберу.

Кенес құрамы:

Кеңес төрағасы: Мектеп директоры:



Н. Имашев

Кеңес мүшелері:

Мектеп директорының оқу ісі
жөніндегі орынбасары :

А.Күрлен

Мектеп директорының бастауыш
сыныптар жөніндегі орынбасары:

Г.Шамшадин

Педагог-психологы:

Г.Жарылқапова
Қ.Мырзалиева

Әлеуметтік педагог:

А.Нүрекешова

Дефектолог :

Ш.Жолдас

Мектеп мейіркеші:

С.Жайшылықова

Сынып жетекшілері: З.Нұранова, С.Көпбай, Л.Бөлекбай, А.Көкелекова, Э.Рсалиева, Ж.Диханова, Ж.Жандарбек, Г.Дүңкиева, А.Оңдашова, А.Кушембетова,

1. Қаралатын мәселелер:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ жұмысының жоспары);
2. Сынып жетекшілерінің оқушыларының ерекшеліктері туралы анықтама.
3. Ерекше білім алуды қажет ететін оқушылардың оқу үлгерімі, оқу мен жазу қарқыны, отбасының тәрбиелік ықпалы, түзете-дамыту жұмыстар туралы.
4. ЕББҚ ететін оқушыларға толтырылатын құжаттардың үлгілері. Оқушылардың мінез-құлқы, психологиялық ауытқушылығы бар оқушылар туралы

Қаралып тыңдалды:

Мектеп директоры Н.Имашев сөз алды. 2023-2024 оқу жылындағы мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамын таныстырып, ППҚҚ жылдық жұмыс жоспарын бекітті. «Білім — біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік — сол білімді іске асыра білу дағдысы», деген екен. Расында да болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде.

Мұғалім сынып оқушыларының толық үлгерімі жолында күш - жігерін салып еңбек еткенде ғана, бұл міндеттерді орындай алады. Мұғалім өзінің барлық білігі мен білімін бүкіл оқу – тәрбие ісіне дұрыс ұйымдастырып, тиімді жүргізуге жұмсайды. Педагогикалық-психологиялық қолдау тақырыбы мен мақсаты туралы мағлұмат берді, құрамымен таныстырды.

-Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ППҚҚ мүшесі А.Күрлен. Әрбір жас өркен-елінің ертеңі, ұлтының болашағы. Сол желкілдеп өсіп келе жатқан өрендерге жоғары білім беру әрбір педагогтың басты міндеті. Түпкі мақсат-ой өрісі жаңа шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, мәдениетті, жауапкершілігі зор, жоғары адамгершілікті тұлға жасау. Ол үшін оқу үлгеріміді жақсартып бала психикасының қалыпты дамуына жұмыстар жүргізу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік-медициналық –педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» Заңдар және Ережелердің орындалу барысымен таныстыру. Қазіргі таңда ерекше білім алуды қажет ететін жаңдарға айрықша назар аударып, қамқорлық көрсетіліп отыр. Бұл қамқорлықтың бәрі Елбасының халыққа жолдауында, ҚР Білім заңында. «Бала құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы: тиімді жүйесі оларды

оқыту, тәрбиелеу, еңбекке баулу және кәсіби даярлығын шешуге бала мүгедектігінің алдын-алуға бағытталған көптеген көкейкесті мәселелер жан-жақты қарастырылған». Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар қоғамның басқа да мүшелері сияқты білім алуға. Өмір сүруге, жергілікті жерде жұмыс жасауға, достарымен араласып, қоғамға сай қажетті адам болуына толық құқығы бар. Біздің мектепте бізінде ерекше білімді қажет ететін оқушылар саны-9. Мен ерекше білімді қажет оқушылардың уақытылы тексерілуден өтуін қадағалап отырамын және мектепшілік шараларға келгенде қастарынан табыламын.

р/с	Оқушының аты – жөні	Туған жылы	Диагнозы	Жәрдем ақы	Оқуы	Сыныбы	Мекен-жайы
1	Жанаман Аңсаған			Алады	Жалпы білім беру бағ оқу	2 Б	
2	Әлкен Нұрбақыт	27.12.2013	ДЦП спастическая диплегия ср.ст тяжести. ОИ ангиопатия сетчатки. ОНР- III ур. Дизартрия	Алады	Жалпы білім беру бағ оқу	4 А	Мүсірепов №2
3	Серік Аян	27.11.2012	Заикание средней степени	Алмайды	Жалпы білім беру бағ оқу	5 Б	2 кв 243
4	Жұбатқан Нұрдос	14.05.2012	ОНР – II- III ур. ЗПР	Алмайды	Жалпы білім беру бағ оқу ҚР. Б.ж.ғ.м №524 бұйрық 12.12.2011 ж	5В	3 квартал
5	Тілепбекұлы Асылан	17.04.2012	Поражение плечевого сплетения. Паралич Эрба Дюшена слева. ЗПР	Алады	Жалпы білім беру бағ оқу	6 А	Төле би №164
6	Әлижанов Ерқанат	17.01.2011	ВДПП.ВПС.СПО.20.01.2017г. Состояние после пластики. ДМЖП 22.06.2018 г.	Алады	Жалпы білім беру бағ оқу	7 А	Оразымбетов №7
7	Оразғали Гүлдана	01.08.2011	G93.8 Другие уточненные поражения головного мозга (Впервые в жизни зарегистрированное хроническое или установленное впервые) Логеневроз средней степени тяжести. F98.5 Заикание (запинание) (Впервые в жизни зарегистрированное хроническое или установленное впервые)	Алмайды	Жалпы білім беру бағ оқу	7 Г	Қашқынбаев №19
8	Құрақбай Арман	21.12.2009	ДЦП. Спастическая диплегия. Сходящаяся косоглазия	Алады	Жалпы білім беру бағ оқу	8 Г	С.Сейфуллин №167

9	Әбдіқалық Нұрислам	31.12.2008	Миопия высокой степени. Врожденная центральная хориоретинальная дистрофия	Алады	Жалпы білім беру бағ оқу	9 В	Жақыпов №9
---	--------------------	------------	---	-------	-----------------------------	-----	---------------

-Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сынып жетекшілері сөз алды Оразбай Жасминнің сынып жетекшісі З.Нұранова Жасмин айтылған нұсқаулық бойынша берілген бағытты игере алмайды , ол әрине денсаулығына байланысты деп ойлаймын сабақ барысында тапсырмаларды қабылдай алмайды. Оқу құралдарын сызып,жыртып сыныптағы балалардың мазасын алып,оқу құралдарын бүлдіреді.Сабақ үстінде өз бетінше әр түрлі қимылдар жасайды.Тамақтану барысында,әжетханаға шыққысы келген кезде сынып жетекшінің көмегінсіз ешқандай әрекет жасай алмайды. Сыныптағы балалардың ата –аналарынан шағымдар түсіп,баланы оқшаулауды талап етті.Жазу кезінде саусақтарым аурады деп жылап, мазасызданады.Мектеп психологы мен дефектологы арнайы түзету жұмыстарын жүргізді. Сынып жетекшісі ретінде Оразбай Жасминге тиісті емдеу орындарына көрсету,емдеу жұмыстарын жүргізуді және де педагог ассистент беруіңізді сұраймыз. Жұбатхан Нұрдостың сынып жетекшісі Ж.Диханова Нұрдостың жағымсыз қылықтары өте көп, ол әрине денсаулығына байланысты деп ойлаймын сабақ барысында тыныш отыра алмайды, түрлі дыбыстар шығарады.Сабақ үстінде өз бетінше әр түрлі қимылдар жасайды.Тамақтану барысында,әжетханаға шыққысы келген кезде сынып жетекшінің көмегінсіз ешқандай әрекет жасай алмайды. Сабақ орындау кезінде шаршадым,жалықтым деп жазуға қиналады. Мектеп психологы мен дефектологы арнайы түзету жұмыстарын жүргізді.Сынып жетекшісі ретінде Жұбатхан Нұрдосқа тиісті емдеу орындарына көрсету,емдеу жұмыстарын жүргізуді және де педагог ассистент беруіңізді сұраймыз.

-Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша арнайы педагог Жолдас Шекер толық ақпарат берді. Жоғарыда аталған оқушыларға жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру алгоритміне тоқтатылып. Педагогикалық диагностика нәтижесіне сәйкес жалпы оқу жылына бейімделген оқу бағдарламалары құрастырылып , арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері қарастырылуын талап етілді. Педагогикалық талаптар мен әрбір пәнді оқыту әдістемесін шебер де толық қолданбаса, оқу жұмысы дұрыс ұйымдастырылмайды. Оқушылар өтілген материалдарды толық түсінбейді, үйге берілген тапсырманы орындап келе алмайды, не шала орындайды. Оқушының қатардан қалып қоюы мұғалім және ата-ана тарапынан ойландырады.

Оқу үлгерімін қалай жақсартуға болады?

1. Оқушы үлгерімін қалай жақсартуға болады?
2. Оқушылардың сабақты үлгере алмауының себебі қандай?
3. Ол себептерді анықтап, жоюға бола ма?

Менің ойымша жоюға болады деп есептеймін. Оқушының сабақты нашар оқуының, сабақты үлгере алмауының басты себебі, оқыту жүйесінің сапасыз болуында. Педагогикалық талаптар мен әрбір пәнді оқыту әдістемесін шебер де толық қолданбаса, оқу жұмысы дұрыс ұйымдастырылмайды. Оқушылар өтілген материалдарды толық түсінбейді, үйге берілген тапсырманы орындап келе алмайды, не шала орындайды. Оқушының қатардан қалып қоюы әуелде уақ – түйектен басталуы мүмкін. Мысалы, оқушы сабақтың дұрыс өткізілмеуі себепті, өтілген материалдардың біраз жерін түсіне алмай қалады, болмаса көмескі түсінеді. Көпшілік оқушының үйінде түсінбегенін сұрап алатын кісісі болмайды. Осылардың салдарынан оқушы материалдарды меңгере алмайды. Жаңа сабақ өткен материалдарға негізделіп жүргізілетіндіктен, оны да шала түсінеді. Сонымен біртіндеп оқушы бағдарламаның бір бөлігін шала түсінген немесе мүлде түсінбеген болып шығады. Осыдан келіп оқушының сабақты үлгермеушілігі келіп туады.

Екіншіден - сабақ әдістемелік жағынан дұрыс өткізілсе де, бірақ, кейбір оқушылар сабаққа ынта қоймай, басқа жұмыспен айналысып (тәртіпсіздік жасап) не алаң көңіл болып отырады. Мұғалім мұндай оқушыларды байқамай қалады да, олар ақырында сабақ үлгірмеушіліктерге айналады.

Сабақтың сапасыз өтуі – мұғалім білімінің жеткіліксіз, тәжірибесінің кем, әдістемені жете меңгермегенінен болады. Дайындықсыз сабақ – қашан да нашар өтеді. Бұл да үлгермеушілікке айналады.

Сабақты үлгермеудің тағы бір себебі – мұғалім оқушының білім көлемін жиі - жиі тексеріп, есепке алмағандықтан. Оқушының нақтылы білімін саралап анықтамайды. Ережелерді құрғақ жаттауына жол береді. Сабақ үстінде жаттығу жұмысын кем жүргізеді. Содан барып оқушылар білгенін, үйренгенін іс жүзінде қолдануға қиналады.

Оқушылардың сабақты үлгермеуінің тағы бір себебі – үйге тапсырма беру мен оны тексеру, әдістеменің дұрыс болмауы. Өйткені кейде үйге берілген тапсырманың саны мен сапасына жете көңіл бөлінбейді, тапсырма мөлшерсіз, үстірт, қалай болса солай беріле салады. Сол себепті оқушы түсінбей қалады да, үйге барғанда орындай алмайды немесе шала, қате орындайды. Осындай бір біріне ұласқан кемшіліктерден келіп үлгермеушілік шығады.

Оқушының сабақ үлгермеуінің басқа бір себебі – мұғалім оқушының ата – анасымен тығыз байланыс жасамайды.

Біріншіден, ата – ана оқуға қажетті жағдайды өз дәрежесіне туғызбайтындықтан, баласы сабаққа даярлана алмайды.

Оқушының сабаққа көп келмей қалуынан (не ауырып қалып) өткен сабақты білмеуінен де күн тәртібінің болмауынан болған күнде де оны дұрыс орындамауынан үлгермеушілік шығады.

Сабақты үлгермеушілік – оқушының денсаулығына да бірден - бір байланысты. Оқушының бір жері ауырып отырса, сабаққа ықыласы болмайды. Не болмаса сынып ауасы жиі тазартылып тұрмаса да, оқушының көңілі сергек болмайды, тез шаршап, бойлары ауыр тартады, өтілген сабақты жөнді ұқпайды.

Оқушылардың сабақты үлгермеушілігінің және бір себебі – оларға бір - біріне жолдастық көмектің дұрыс ұйымдастырылмауынан, ұйымдастырылған күнде әрбір оқушының меңгере алмаған тақырыбына ғана нақтылап көмектеспей жалпылама қосыма сабақ түрінде өткізілуінен.

Сабақты үлгермеушіліктің тағы бір себебі – сыныптағы оқушы санының көп болуы, оқулықтың толық жетіспеуінен де. Енді оқушылардың сабақты үлгермеу себептерін біліп алғаннан кейін, негізгі мақсат - оны болдырмаудың жолдарын көрсетуге тырысайық. Озат мұғалімдердің тәжірибелері сыныптағы оқушылардың сабақ үлгерімін толық қамтамасыз етуге болатындығын әлде қашан шешкен. Демек, барлық оқушының сабақты жақсы оқуын қамтамасыз ету – әрбір мұғалімнің қолынан келетін іс.

Біріншіден әрбір оқушыға сабақ барысында берілетін сұрақтарды алдын ала ойлап қою керек, тапсырманы да әрбір оқушының күші мен қабілетін ескере отырып, берген жөн.

Екіншіден мұғалімнің сабаққа ұқыпты даярлануы және сабақты сапалы өткізуінің жолдары мен әдістері үлгермеушіліктің болдырмау себептерінің бірі болып саналады.

Үшіншіден сабақ барысында оқушыларды қызықтыра білуі, дидактикалық материалдармен жұмыс, жарыс ұйымдастыру, топпен жұмыс, көрнекі – құралдарды көп қолдану.

Төртіншіден оқушылардың үйде орындап келген жұмысын мұғалім үнемі қадағалап, тексеріп отыратын болса, олар үйге берілген жұмысты тыңғылықты етіп орындауға дағдыланады. Бұл әдіс жалқау оқушыға да қозғау салып, тапсырманы дұрыс ұқыпты орындауға міндеттейді. Үй тапсырмасын тексергенде, оқуы нашар, сондай – ақ тапсырманы қалай болса солай орындайтын оқушылардың дәптерлерін жиі – жиі тексеру керек, сонымен қатар өзіне бөлек дәптер бастату. Бұл әдіс артта қалғандарды оқуға талаптандырып, олардың белсенділігін жақсартады.

Бесіншіден ата - ананың қадағалауы, қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстарды жолға қою, үйге тапсырылған жұмысты жақсы орындаған оқушыларды дәріптеп, көтермелеу, басқаларға үлгі етіп көрсету - үлгерімі төмен оқушыларды сабаққа ынталандырудың бірден – бір әдісі.

Алтыншыдан өткен материал жөніндегі оқушылардың ұғымын тексерудің тиімді жолдарына тоқталу. Жеке оқушыны тақтаға шақырып, тиісті сұрақтарға жауап алу. Мұғалімнің оқушыға берген сұрағы дәл, анық, ұғымды болғаны дұрыс. Мұғалім оқушының берген жауабының тек мазмұнына ғана көңіл аударып қоймай, тіліне де, сөйлемді құрастырып дұрыс айта білуіне де көп көңіл бөлуі керек. Оқушының тілін тек дұрыс сөйлеу, ойлау арқылы ғана дамытамыз. Бұл оқу, ана тілі сабақтарында ғана емес, барлық пәндерге де ортақ міндет.

Жетіншіден баға қою – өте жауапты кезең. Бағаны дұрыс қоймау оқушыларға үлкен кері әсер етеді. Бұның тәрбиелік және оқушылардың сабақты дұрыс оқулары үшін маңызды екендігін мұғалімдер ұмытпауға тиіс. Әр уақытта оқушылардың жауабына сәйкес өткен материалға қысқаша қорытынды жасап отыру – олардың білімін нығайтуға пайдасын көп тигізеді.

Сегізіншіден жаңа тақырыпты түсіндіру. Оқыту жұмысының нәтижелі болуы – материалды дұрыс түсіндіруге және сабақты дұрыс жабдықпен өткізуге байланысты.

Тоғызыншы бұл сабақ үстінде әдіс – тәсілдерді өзгертіп, түрлендіріп отыру, оқушылардың сабақ үстінде өз бетінше істейтін жұмыстарымен жаттығу жұмыстарын тиімді етіп, түрлендіріп жүргізу – олардың сабаққа белсене қатысуына жол ашады.

-Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша мектептің педагог психологтары Қ.Мырзалиева, Г.Жарылқапова сөз алды. Балалардың бойындағы ортақ мәселелер оқу үлгерімдерінің төмендеуі, ортада тұйықталу, мінез-құлықтарындағы кейбір психологиялық өзгешелердің байқалуы мен тұтығудың пайда болулары. Оқу жылының басынан жүргізіліп келе жатқан диагностикалық зерттеу жұмыстарының қорытындыларына сүйене отырып педагогикалық-психологиялық қолдауға қатысып отырған оқушылардың (оқу үлгерімдерінің төмендеп, мінез-құлығы мен психикасында өзгешеліктер) байқалды. Балалардың оқу үлгерімдерінің төмендеуімен мінез-құлықтарында өзгешеліктердің пайда болу себептерінде оның отбасының әлеуметтігі, отбасынан берілетін тәрбиенің бұрыстығы, ата-ананың бақылауының аздығы, физиологиялық жағдайының әсері болады. Сынып жетекшілерімен, ата-аналарға кеңестер беріп, жұмыстар жүргізіп тығыз байланыста болып отырғанның өзінде төмендегідей жағдайлар анықталды. Яғни (қатты ашулану, сын көтермеу, сынып жетекшіге қарсы келу, кенеттен тұтығу, оқу үлгеріміне байланысты жүргізілген жұмыстың нәтиже бермеуі, көздің нашар көруі, есте сақтау, қабылдау, ойлау қабілеттерінің даму баяулығы, тұйықтықтан арыла алмау) сияқты жағдайлардың белең алуына бүгінгі педагогика-психологиялық консилиумымызды өткізбекшіміз. Сынып жетекшілері сыныптары жөнінде сипаттама

берді Сыныбындағы оқушылардың оқу үлгерімдері бойынша сипаттама берді. Педагогикалық-психологиялық қолдау тақырыбына сәйкес мәселелер қаралып, талқыланып болған соң ұсыныстар тыңдалып, қаулы қабылданды.

Қаулы етеді:

1. Мектебіміздің ерекше білімді қажет ететін оқушыларына қолайлы жағдай жасау, уақыттылы көмек көрсету міндеттелсін.
2. Оқу үлгерімі төмен оқушылармен түзету жұмыстары мектеп дефектологы Ш.Жолдасқа міндеттелсін. Ата –анасына, сынып жетекшілеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізу мектеп психологы Қ.Мырзалиева, Г.Жарылқаповаға міндеттелсін.

ППҚК төрағасы:



Н.Имашев

Хатшы

Ш.Жолдас